

**2026 жылдың 07-08 сәуірінде Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ-де өткен
6B013 «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» XVII
Республикалық пәндік «DIGITAL-ПЕДАГОГ: ИНТЕЛЛЕКТ,
ТЕХНОЛОГИЯЛАР, БІЛІМ БЕРУ» атты олимпиадасының қорытындысы**

Олимпиадаға ҚР жоғары оқу орындарының 6B013 – «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша күндізгі оқу бөлімінің 2-3 курс білім алушылары қатысты.

Команда құрамы – 4 білім алушыдан тұрды және команда жетекшісі болды.

«DIGITAL-ПЕДАГОГ: ИНТЕЛЛЕКТ, ТЕХНОЛОГИЯЛАР, БІЛІМ БЕРУ» атты XVII Республикалық пәндік олимпиада төрт кезеңнен тұрды:

1-кезең. «Цифрлық педагогикалық питч «Цифрлық дәуір педагогі мамандығына менің жолым» атты білім алушылардың білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында заманауи педагогтың рөлі туралы кәсіби түсініктерін анықтау және олардың өзін таныстыруға, коммуникацияға және командалық өзара әрекеттестікке дайындықтарын көрсету. (Ұзақтығы - 5 минут).

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Ұпай
Заманауи педагогтың кәсіби рөлін түсіну	Білім беруді цифрландыру жағдайында педагог мамандығының маңызын ашып көрсетеді және оның әлеуметтік мәнін түсінетіндігін көрсетеді.	2
Цифрлық білім беру құралдарын пайдалану	Материалды таныстыру барысында заманауи цифрлық құралдар мен технологияларды қолдануды көрсетеді.	2
Таныстырудың шығармашылығы мен ерекшелігі	Материалды жеткізуде стандартты емес тәсілдерді қолданады (визуализация, мультимедиа, интерактив элементтер және т.б.).	2
Командалық ынтымақтастық	Қатысушылар презентация кезінде әрекеттердің үйлесімділігін, рөлдерді бөлуді және ұжымдық қатысуды көрсетеді.	2
Сөйлеу мәдениеті және уақыттық шектеулерді сақтау	Материалды логикалық және жүйелі түрде баяндайды, сөз сөйлеу уақытының шектеуін сақтайды және сауатты сөйлеуді көрсетеді.	2

Ең жоғары баға - 10 ұпай.

Ескерту: презентацияны дайындау барысында цифрлық құралдар мен сервистерді қолдануға болады, қатысушылар материалды өздері таныстыруы тиіс және өздерінің кәсіби идеялары мен педагогикалық шешімдерін көрсетуі қажет.

2-кезең. «PEDAGOGICAL MASTERY CHECK» («Педагогикалық интеллект және кәсіби дайындық») кезеңі - білім алушылардың бастауыш білім беру педагогикасы, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, сондай-ақ профильдік оқыту әдістемелері саласындағы теориялық дайындығы мен кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау, болашақ педагогтердің алынған білімдерін педагогикалық тапсырмаларды шешу және

бастауыш мектептегі білім беру процесін ұйымдастыру үшін қолдану қабілетін бағалау.

Ескерту:

- 2 курс студенттері үшін: «Бастауыш білім берудің педагогикасы», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі»;

- 3 курс студенттері үшін: «Бастауыш білім берудің педагогикасы» және профильдік әдістемелер бойынша жеке пәндер.

Бұл сайысқа команданың қалауымен бір немесе 2 студент қатасады) олар теориялық білімдерін сынау үшін тест тапсырады, ал қалған 2 студент 2-ші кезеңнің тапсырмаларын орындайды. (Ұзақтығы: 40 минут).

Сұрақтар саны	Қатысушылар саны	Бағалау критерийлері
100	2	Әр дұрыс жауап үшін – 1 ұпай.

3 кезең. «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕЙС-БАНК» (10 минут) тапсырмасын орындайды.

Мақсаты: білім алушылардың бастауыш мектептің оқу ортасында туындайтын нақты тәрбие беру жағдайларды талдау қабілетін анықтау, педагогикалық проблемаларды анықтау, тәрбиелік ықпалдың адекватты әдістерін таңдау және оларды шешу жолдарын дәлелді түрде ұсыну.

Орындау форматы: командадан 2 қатысушы қатысады. Қатысушыларға бастауыш сынып оқушыларының мінез-құлқы, қарым-қатынасы немесе өзара әрекеттестігіне байланысты тәрбиелік жағдай (педагогикалық кейс) ұсынылады. Ситуацияны талдау, мәселені анықтау және педагогикалық шешім ұсыну қажет, сондай-ақ оны шешуге бағытталған тәрбиелік іс-шараның фрагментін, жаттығуды немесе педагогикалық әдісті көрсету қажет.

Орындалу және таныстырылу уақыты: 10 минут.

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Ұпай
Тәрбиелік жағдайды талдау	Педагогикалық мәселені анықтайды және бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескереді.	2
Шешімнің педагогикалық негізділігі	Тиімді тәрбие жұмыс әдістері мен формаларын ұсынады.	2
Шешімнің практикалық бағдарлылығы	Нақты тәрбиелік іс-шара, жаттығу немесе педагогикалық әдісті ұсынады.	2
Командалық өзара әрекеттестік	Қатысушылар арасындағы әрекеттердің үйлесімділігін және рөлдердің бөлінгенін көрсетеді.	2
Шешімді таныстыру және қорғау	Ұсынылған шешімді логикалық және дәлелді түрде таныстырады.	2

Ең жоғары баға - 10 ұпай.

Ескерту: ұсынылған шешімдер бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне, тәрбие жұмыстың қағидаларына және ұлттық тәрбие құндылықтарына сәйкес болуы тиіс.

4 кезең «ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕР ЛАБОРАТОРИЯСЫ»

Мақсаты: болашақ педагогтердің шығармашылық әлеуетін анықтау, олардың ерекше білім беру және тәрбие идеяларды әзірлеу қабілетін, педагогикалық қызметтің жаңа формаларын құру және оларды командалық жұмыста таныстыру дағдыларын көрсету.

Орындау форматы: командадан 4 қатысушы қатысады. Командаға тақырып немесе педагогикалық тапсырма ұсынылады (мысалы: сыныпта достықты дамыту, экологиялық тәрбие, оқуға қызығушылықты қалыптастыру, бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамыту және т.б.). (Ұзақтығы: 10 минут).

Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпай
Педагогикалық тапсырмаға сәйкестігі	Ұсынылған идея тақырыпқа сәйкес келеді және бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескереді.	2
Шешімнің шығармашылығы мен бірегейлігі	Шығармашылық көзқарасты көрсетеді, стандартты емес педагогикалық идеяларды ұсынады.	2
Практикалық бағдарлылық	Практикада қолдануға болатын нақты білім беру немесе тәрбиелік іс-әрекет формасын ұсынады.	2
Командалық әрекеттестік өзара	Қатысушылар идеяны таныстыру кезінде рөлдерді бөлу, әрекеттердің үйлесімділігін және бірлескен қатысуды көрсетеді.	2
Педагогикалық өнімді таныстыру	Дайындалған идеяны нақты, логикалық және сенімді түрде таныстырады.	2

Ең жоғары баға - 10 ұпай.

Ескерту: ұсынылған педагогикалық өнімнің практикалық маңыздылығы болуы, бастауыш сыныптағы білім беру және тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсаттарына сәйкес келуі, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларының жас және психолого-педагогикалық ерекшеліктерін ескеруі қажет.

5-кезең. «EDTECH-ПЕДАГОГ САБАҒЫ» (үй тапсырмасы)

Мақсаты: білім алушылардың әдістемелік құзыреттілік деңгейін анықтау, білім берудің цифрлық трансформация жағдайында оқу процесін жобалау және жүзеге асыруға дайындықтарын көрсету, сондай-ақ педагогикалық тәжірибеде жасанды интеллект құралдары мен заманауи цифрлық білім беру ресурстарын интеграциялай білу қабілетін бағалау. (Ұзақтығы: 15 минут).

Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпай
Білім беру қызметін жобалау	Педагогикалық тұрғыдан негізделген сабақ немесе білім беру іс-әрекетінің фрагментін әзірлейді.	2
Цифрлық білім беру технологияларын пайдалану	Заманауи цифрлық платформалар мен интерактивті білім беру ресурстарын қолданады.	2
Педагогикалық және әдістемелік негізділік	Таңдалған оқыту әдістері мен құралдарының педагогикалық негізділігін түсіндіреді.	2
Инновациялық және шығармашылық ерекшелік	Ерекше педагогикалық идеялар мен заманауи оқыту тәсілдерін көрсетеді.	2
Практикалық қолданылу мүмкіндігі	Ұсынылған өнім бастауыш мектептің нақты тәжірибесінде қолдануға жарамды болуы мүмкін.	2

Ең жоғары баға - 10 ұпай.

Ескерту: цифрлық білім беру сервистерін, интерактивті платформаларды және жасанды интеллект құралдарын қолдануға рұқсат етіледі. Ұсынылған

білім беру өнімі бастауыш білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескеруі және практикалық бағдарлылыққа ие болуы қажет.

Олимпиада қатысушыларының білімін бағалау үшін әділ қазылар алқасы құрылды:

Комиссия төрайымы:

Жуманова Гаухар Сайлаубековна - п.ғ.к., «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы ШҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, олимпиада төрайымы.

Комиссия мүшелері:

1. Кадирова Айгуль Чуленбаевна - Өскемен қаласы әкімдігінің «№49 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры;

2. Кайназарова Индира Муратбековна - Өскемен қаласы әкімдігінің «Зәки Ахметов атындағы №16 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші;

3. Каирбаева Еркеш Ергалиевна - Өскемен қаласы әкімдігінің «№46 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары;

4. Абилтаева Эльвира Амангельдықызы - п.ғ.м., Өскемен қаласындағы «Нұрорда» мектеп-лицейі» мекемесінің бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің меңгерушісі.

Олимпиадаға барлығы 19 ЖОО командалары қатысты.

Олимпиаданың қорытындысы бойынша жеке есепте ЖБЖҒМ-і мен командалық есепте Басқарма төрағасы – Ректордың дипломдары берілді.

1. Жеке есепте Жоғары білім және ғылым министрлігі дипломдарымен марапаттау үшін төмендегі ЖОО-ның командалары ұсынылды:

I дәрежелі диплом:

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің командасы.

II дәрежелі диплом:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің командасы;

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің командасы.

III дәрежелі диплом:

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің командасы;

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің командасы;

А. Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының командасы.

2. «Digital-педагог: интеллект, технологиялар, білім беру» атты XVII Республикалық пәндік олимпиаданың бес кезеңі бойынша номинациямен марапатталған ЖОО-ы командалары:

«Цифрлық педагогикалық питч «Цифрлық дәуір педагогі мамандығына менің жолым» атты номинация - Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің командасы;

«PEDAGOGICAL MASTERY CHECK» атты номинация - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің командасы;

«Педагогикалық интеллект және кәсіби дайындық» сайысы бойынша номинация - Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің командасы;

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕЙС-БАНК» атты номинация - Алматы гуманитарлы-экономикалық университетінің командасы;

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕР ЛАБОРАТОРИЯСЫ» бойынша номинация - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің командасы;

«EDTECH-ПЕДАГОГ САБАҒЫ» бойынша номинация - І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің командасы.

Комиссия төрайымы:



Г.С.Жуманова

Комиссия мүшелері:

А.Ч. Кадирова

И.М. Кайназарова

Е.Е. Каирбаева

Э.А. Абилтаева